

**Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Бурабай ауылына қарасты " Центральный" учаскесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 мамырдағы N 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 маусымда N 3373 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 03 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 29.10.2014 № 03 шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 329 ұсынысы негізінде, Абай ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Бурабай ауылына қарасты " Центральный" учаскесінде ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Күршім ауданының Абай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман – ветеринары Б. Аманжоловқа осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауылдық округінің әкімі*

*Н.Судейменова*